

**"Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 448 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 809 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 желтоқсанда № 37736 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 448 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33023 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу қағидаларында:

21-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу туралы талап қолданылмайтын қаулы жобаларын қоспағанда, қаулы жобасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамасының қорытындысы.

Қорытындыда көрсетілген ұсынымдар қабылданбаған жағдайда - қаулы жобасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманы жүргізу бойынша үйлестіруді жүзеге асырған уәкілетті ұйымның атына жауаптың көшірмесі, оларды қабылдамау себептерінің негіздемелерімен бірге;"

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Конституциялық заңнама және мемлекеттік басқару департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК